

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АРАБ СӨЗДЕРІНІҢ ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛУ ЖОЛДАРЫ

Омаров Қанат

Аударма ісі мамандығының 2 курс магистранты,
аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада Абай шығармаларындағы араб сөздерінің орыс және ағылшын тілдеріне аударылу жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, араб сөздері реалия ретінде қолданылған. Аудармадағы бір неше жолдар - транскрипция, транслитерация, сөзбе сөз аударма және басқа тәсілдер ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

Түйін сөздер: аударма, аудармашының ролі, тәсілдер, жолдар, араб сөздері, түпнұсқа, мағына.

Аннотация

Данная статья рассматривает способы перевода арабских слов литературных произведений Абая. А также, в некоторых переводах арабские слова использованы как реалия. В переводах переводчики использовали методы перевода как транскрипция, транслитерация, дословный перевод с научной точки зрения.

Ключевые слова: перевод, роль переводчика, методы, способы, арабские слова, оригинал, смысл.

Summary

This article deals with the translation of Arabic words used in the literary works by Abai. Besides, there are some of the Arabic words applied as a realia in the translation. Thus, there are some methods and ways of translation investigated from scientific points of view such as transcription, transliteration, word for word, and etc.

Key words: translation, the role of translator, methods, ways, Arabic words, original text, meaning.

Белгілі бір кезеңдегі мәдени экономикалық және саясат әкімшілік қарым қатынастар нәтижесінде өзара көршілес елдердің тілдері ауыс күйіске түсіп жаңа сөздермен, атаулармен толып, жаңғырып отыруы тіл білімінде заңды құбылыс. Жас шағынан араб, прасы, көне шағатай тілдеріндегі әдеби шығармаларды көп оқып орыс тілін арнайы үйренген ақын өз туындыларында сол тілдердің сөздерін қолданған. Бұның ең басты себебі оның қазақ тілде сөз қорының аз болғандығынан немесе ұғымды дұрыс жеткізіп бере алмағандықтан емес, ал айтпақ болған сөзін анық жеткізу үшін қолданған.

Қазақ әдебиетінде ақынның шығармашылығы бойынша ең үздік ғылыми жұмыстар жүргізілген болып, біз де өз жұмысымыздың аясында араб сөздерінің аударма жасалу жолдарын зерртедік. Ақынның кара сөздерімен өлеңдерінде араб сөздерін талдап, ең бастапқыда оның лексикалық мағынасымен тұжырымын анықтап, сосын сол сөздердің орыс және ағылшын тілдерінде қалай сипатталғанын әдеби талдау арқылы қарастырамыз.

Аудару дегеніміз бір тілдегі шығармашылық еңбекті бақа бір екінші тіл арқылы анық және толық жеткізу болып табылады. Бұнда аудармашының ролі – түпнұсқаны стилистикалық және экспрессивті ерекшеліктерін сақтай отырып, басқа тілдің көмегімен оның мазмұнын бір тұтас нақты жеткізу.

Абайдың «*Жасымда ғылым бар деп ескермедім*» өлеңі аудармасы менен садыстаырғанда біраз өзгерістерге ұшыраған. Зерттеулеріміз бойынша аталған өлеңді орыс тіліне жақсы аударылған деп есептеуімізге болады. Өйткені, ақынның сезім сыры және көңіл күйі дұрыс жеткізілген.

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Падасын көре тұра тексермедім,
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл **махрум** қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім? (1: 43 бет)*

*Я презрел познание, юноша пустой,
Видел пользу в нем, но шел стезей другой.
Возмужал – наука из-под рук ушла,
Поздно к ней ты устремился, разум мой!
Кто повинен, что **остался я ни с чем**,
Смолоду учась, я был не такой! (2:38 бет)*

*When I was young I didn't give much thought to knowledge
I saw its use: but didn't test it out
When I grew up I didn't know how to latch onto it
I stretched out my hand to it late.
Who should I blame that I **was left with nothing**?
If I'd striven in time would I be like this now? (6:21 бет)*

*К наукам я холоден в юности был,
Их пользу я видел, но смысла не знал.
По зрелости лет потянулся я к ним.
Увы, ухватить я суть опоздал.
Кого тут винить, что **остался ни с чем**?
Учись в свое время, другим я бы стал (3:217 бет)*

Аудармашының басты жетістігі өлеңнің мазмұнын ішкі эмоциялық байлығын орыс тілінде белгілі дәрежеде дұрыс бере білуінде. Аудармашы М. Петровых ақын өлеңнің мазмұнын, ақынның көңіл күйін жіті таныған (4:72). Жалпы, осы аталған шұмақтардың орыс және ағылшын тіліндегі аудармасына назар аударсақ. Өйткені, тілдік құрылысы мүлдем басқа, таным мен тұжырымы ерекше болған бұл тілде аударманың қалай бейнелеп берілгенін зерттеп қарау ғылыми жұмысымыздың ең бастапқы мақсаты.

Негізінде, бұл өлең орыс тіліне екі рет, ал ағылшын тіліне бір рет аударылған. Зерттеулерімізге сүйене отырып, біз Абайдың қолданған араб сөзі «махрум (араб.)- бос, құр қалу» орыс тіліне жай «*остался я ни с чем*» сөзі мен бейнелеп берілген. Ал, ағылшын тіліндегі аудармасы жалпы ортақ сөз «*left with nothing*» бірлігі мен өлеңнің мазмұнын жеткізіп берген.

Корытындылай келе, біз араб сөзінің басқа тілде өз эквиваленті мен аударылғанын, оның түпнұсқа секілді экспрессивті (жанды) әсердің жеткізіп берілмегенін байқаймыз. Дегенмен, әр тілдің өз ерекшелігі болғандықтан, аудармашылар сол тілге ортақ құбылысты ұстанады. Біз орыс және ағылшын аудармасында дәл сондай құбылыстың куәсі болғалы тұрмыз.

Аудармашы өлеңді немесе қара сөзді түпнұсқа бойынша аударма жасағанда оның қандай іс жасағы аударманың тек ғана мән мағынасымен білініп қоймастан, оның стилдік және когнитивті тұрғыдан қарастыру деңгейі де байқалады.

Аударма әдеби тұрғыдан бағалы деп табылу үшін ол түпнұсқаның мазмұны мен пішінін өзіне сай жарастық пен сақтау қажет. Абайдың «*Жасымда ғылым бар деп ескермедім*» өлеңінде ақын өзінің өмірін, жастықта аңғырттықпен өткізген жылдары үшін өкініш білдіріп, іздеп тапқаны мен іздемей жолғалтып алғанын ақылға салады. Бұл өлеңге оқырмандық көз қарастан қарайтын болсақ, ол бізге үгіт, ақыл нәсиет мағынасында көз алдымызда бейнеленеді. Біреуге бұл өлең өткенге өкіну болса ал біреуге болашақта мұндай өкініштің болмауына итермелеуші ескертпе секілді. Әрине, ақын келесі ұрпақтың білім алуын, өмірін ыекке, арзан қызыққа арнамай ғылым жолын қууын ғибрат етеді. Бұл өлең шұмақтар жайлы М. Әуезов төмендегі пікірді атап өтеді: «Бұл шығарма енді халықтық, адамгершілік, ағартушылық жөнінде үлкен қияға қарай жол тартқан жаңа ақынның бейнесін көрсете бастайды.» (4:110 бет)

Сонымен қатар, аудармада түпнұсқаның ерекшеліктері мен мазмұны және пішіні арасындағы эмоционалды бірліктері, поэтикалық даралығы көрсетіп берілген десек артық айтпаған боламыз. Аудармада жекеленген сөздер мен сөз тіркестерінің кей тұстарда әсерлі бейнелеу құралдарының өз дәрежесінде тілдік және әдеби стилистикалық құралдардың жеткілікті қолданылмағаны да бар. Аудармада аудармашы бір қатар тәсілдерді қолдануға болады. Бұл өлеңде де мағыналық өзгерістер жай тапқан. Бірақ, орыс тіліндегі мағына түпнұсқаның мазмұнына өте жақын аударма жасалынғандықтан оның әлеуметтік және эмоционалды мазмұны ойдағыдай деңгейде көрініс тапқан.

Дегенмен түпнұсқадағы кей бір қиыншылық туғызатын уәждерді айта кеткен жөн. Мысалы үшін әр бір тілдің өз қиғаштары бар болғаны секілді, қазақ тілінің де өз эквивалентіне тура келмейтін сөз тіркестері кездеседі. Аудармада жолығатын сондай сәттерде мәтіндегі ерекше тіркестерді мейлінше аударма жасау аудармашыдан өте мықты тілдік және әдеби білімді талап етеді. Мысалы, *түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеи сермедім, Қолымды дөп сермесем*. Бұл сөздік тіркестерді орыс тіліне дәл мағынасымен аударылуы мүмкін емес. Алайда, аудармашы сол тілдегі қарапайым және тіркестердің мазмұнына сай келетін сөздерді тауып қолдана алады. Сондай-ақ, егер қарапайым сөздер түпнұсқаның мазмұны мен пішімін өзгертіп жіберу мүмкіндігі жоғары болса, аудармашы сол тілдегі дұрыс келетін сөз тіркесін тауып, оның тура және ауыспалы мағынасын үйреніп жалпы мазмұнын беретін сөзді қолдануға болады.

Абай негізінде өз сөзін, алуан ойы мен тұспалдарын араб және парсы тілдеріндегі сөздер мен бейнелеген. Бұның ең басты себебі оның арабшаны жақсы игергендігінде, сонымен қатар, оның басым көп ақыл-несиеті діни көз-қарастан айтылады. Сондықтан болса керек, оның қара сөздерінде араб сөздері көп кезігеді. Мысалы, он екінші сөзі:

- «Әуелі-иманның *игтиқадын махкамлемек* керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек.» (3:110 бет)

Ендіше, осы өлеңдегі араб сөзінің аударылу барысын қарастырайық. Абай шығармашылығында шамамен 578 басқа тілдерден енген сөздерді қолданған, соның ішінде 402-сі араб сөзі кездеседі (6:179 бет). Ақынның отыз екінше қара сөзінде 10 араб сөзі бар, бір сөйлемінде 2 араб сөзін мысал етіп алуға болады:

- Ихтиқат (араб.) – нану, сену. (6:192 бет)
- Махкам (араб.) – мығым, берік тұту, мықты ұстау, сенімді болу (6:196 бет)

Біз оның арабшадағы мағынасын когнитивті тұрғыдан қарастыра болсақ, ихтиқат – бұл сенімді, ал махкамлемек – берік тұтуды деген тұжырымды көрсетеді. Аудармашылар бұл сөздерді былайша аударған:

- «Прежде всего он должен утвердиться в своей вере, во–вторых, пусть слишком не довольствуется тем, что знает а постоянно совершенствуется.» (3:291)

Орыс тіліндегі мазмұн өте орынды берілген болып, араб сөздері де аударма жасалынып кеткен. Ол орыс тіліндегі жай сөздермен сипаттап берілген сияқты. Ақынның қара сөзі ағылшын тілінде де орыс тілі секілді бейнеге иіе. Бұл аударманың орыс тілі арқылы жасалғаны мүлдем көрініп тұр.

- «First of all, he must be certain in his faith; then, he must not be satisfied with what he knows, but continually improve his mind.» (7:102бет)

Алайда, келесі мысал жоқарыдағы пікірімізге қайшы келеді. Өйткені, аудармашы араб сөздерді транслитерация және транскрипция жолдары арқылы аударма жасаған. Бұл сөздер шығармадағы реалия сөздер қатарына кіріп, оған аударма кезінде түсініктеме беріп кетуді талап етеді. Мысалы; ақынның отыз екінші сөзі:

- «Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі-*мұлахаза* қылу, екіншісі-берік *мұхафаза* қылу.» (3:152 бет)
- «Существуют два орудия, способствующие приумножению знаний. Одно из них – мулахаза, и другое – мухафаза.» (3:334 бет)
- «There are two tool that aid the acquisition of knowledge. One is *mulakhaza* [the subtle art of polemics] and the other, *mukhafaza* [firmness in the defence of ones’s views].» (7:140 бет)

Түпнұсқаның мазмұны мен пішіні бойынша аударматану ғылымында бірқанша тәсілдер мен жолдар қарастырылады. Негізінде, адекватты аударма түпнұсқаның прагматикасын сақтай білуі керек дейді. Сондықтан, түпнұсқаның әсерлеп мөнерлеу құбылысы сақталынып қалынса, ол аударма жақсы аударма қатарына жатады.

Алайда, тілдегі аударма жасауға келмейтұғын немесе екінші бір тілде дұрыс эквиваленті қалыптаспаған болса немесе аудармашы қалай ұсынуды білмесе онда аударма тәсілдерінен қолданады.

- мұлахаза (араб.)- ойлау, пікірлесу (6:198 бет)
- мұхафаза (араб.) – сақтау, қорғау, бұзбау (6:199 бет)

Ақынның отыз екінші сөзі орыс және ағылшын тілдеріне транскрипция жолы арқылы аудармаланған. Орыс тілінде аудармашы сілтеме беріп кеткен болса, ағылшын тіліне аударған аудармашы бір жола түсініктеме беріп кеткен. Бұл тәсіл реалия немесе басқа мәдениетке таныс болмаған сөздерді аударма жасауда қолданылады.

Жалпы алғанда, тілдегі қыйыншылықтар салдарынан аударматану ғылымында сол қыйыншылықтарды шешуші аударма жасау жолдары бар. Аудармашылар стилдік, мағыналық, прагматикалық және когнитивті тұрғыдан қарастыра отырып тұрлы тәсілдерден қолданса болады. Ең маңызді ғылыми тұжырым – түпнұсқаның мазмұны мен пішімін толық жеткізіп беруде. Бұл аудармашылар алдында тұрған өте күрделі міндет бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Т.1. Алматы. Ғылым. 1997.
2. Абай (Ибраһим)Құнанбаев. Избранное/Перевод с казахского. Москва. Художественная литература. 1970.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Қара сөз. Книга слов. Семей. Аманат. 2005.
4. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография// Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Т.ХХ. Алматы. Жазушы. 1985.
5. Көпбасарова. А. Абай шығармаларының орыс тіліне аударылуы. Абай институтының хабаршысы. №3 (9) 2011.
6. Рымғали Нұрғали, Таңатқан Рсаев. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Абайтану таңдамалы еңбектер. Алматы: Қазақ университеті. 2016. VI том.
7. Abai Kunanbaev. “*Abai: Book of words*”. Abai International Club. Amanat. Semey. 2005. (London.: EL Bureau, 1995.)